

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.
Істің болар қайыры

Бастасаңыз Аллалап...» [4; 209] – деп, жырлаған, алғаш мектеп ашқан ұстаз Ыбырай дәлел.

Келтіре берсе дәлел көп. Әр қазақтың ақынының, зиялысының өміріне, өлеңдеріне үңілсек сөзімнің дәлелі болмақ.

Ойымды қорытындылай келе, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын болсам, Қазақ қашанда «дінім – Ислам, кітабым – Құран, жаратушым – Алла, пайғамбарым – Мұхаммед» - деп, ұрпақ санасына сіңіріп келген. Олай болса, жат түсінік пен бөгде ағымдардың, антисемитизм, исламофобия, антихристиандық идеяларға толы және ұлтаралық алауыздық тудырушы топтардың құйтырқы әрекеттерін ата дінмен алмастырып, жат ағымның жетегі кетіп қалмауларыңызды сұраймын. Дін ұлттың ұйытқысы екенін естен шығармайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Молдабеков Ж. Қазақтың халық философиясы. // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т.7. - Астана: Аударма. 2006. – 85 б.
2. Шибаева М., Жексенбаева А., Ельжанов Ж., Асқарова М., Шыныбектегі К. Бұқар бабаға тағзым. - Қарағанды: «TENGR LTD» баспаханасы, 2013. – 195 б.
3. Шәкәрім шығармалары. - Алматы: Жалын, 1988. – 580 б.
4. Алтынсарин Ы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

УДК 21.15.47

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ РАДИКАЛИЗМ АСПЕКТІЛЕРІ

Қаржауова Майра Бауыржанқызы

karzhauovamaira95@gmail.com

Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Дінтану кафедрасы, «Дін психологиясы» мамандығының магистранты

Ғылыми жетекші- Кеңшілік Т.

Қазақстан Республикасы ҰҚК деректері бойынша Қазақстанда 23 террористік және экстремистік ұйымдардың қызметіне тыйым салынған. 2015 жылдан бастап Қазақстанда зорлық-зомбылық және экстремистік әрекеттерді негізінен салафит ағымының өкілдері жасайды. Сонымен қатар, елде экстремистік күштердің 20 мыңнан астам жақтаушысы бар, олардың көпшілігі оңтүстікте (оңтүстік қазақстан облысы және Алматы қаласы), батыста (Атырау және Ақтөбе) және орталықта (Қарағанды облысы және Астана қаласы) шоғырланған [1].

ҚР ҰҚК терроризмге қарсы орталық бастығының орынбасары Сергей Швейкиннің айтуынша, біздің азаматтардың «Әл-Каида» құрамына кіру үшін Ауғанстанға бірінші рет шығып кету жағдайы 2008 жылы тіркелген еді. 2013 жылы Қазақстаннан шыққандардың көбі Сирия мен Иракқа аттанды. Осы кезеңге дейін шетелге 800-ге тарта Қазақстан азаматы өтіп кеткен», - деді ҰҚК өкілі елордада өтіп жатқан Қазақстан Дінтанушыларының XI форумында. Шетелге шығып кеткен қазақстандықтардың көбі көз жұмған. Қалғаны ұсталып, елге жеткізілген. «Біздің азаматтар негізгі халықаралық террористік ұйымдардың – ДАИШ пен Әл-Каида, Хайят Тахрир аш-Шам құрамында да жүр. Қарулы жиһадқа шығып кеткен Қазақстан азаматтарының басым көпшілігі деструктивті идеологиялық ағымда болған. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, террористер мен экстремистер дәл сол деструктивті ағымды ұстанатындардың қатарынан шығады. Қазіргі таңда біздің есебіміз бойынша, Қазақстанда

деструктивті идеологияны ұстанатындардың саны 20 мыңнан сәл асады. Осыған байланысты біздің басты міндет – діни ахуалды оңалту», - деді ол [2].

Дерадикализация мәселелері күрделі, әрі пәнаралық сипатқа ие және оларды шешу үшін әртүрлі мамандарды: заңгерлерді, саясаттанушыларды, тарихшыларды, дінтанушыларды, психологтар мен қоғамдық қауіпсіздік саласындағы мамандарды тартуды талап етеді. Қазіргі таңда ең танымал әлеуметтік-психологиялық радикализацияны түсіндіретін модель – Д.Веббер мен А.Кругланскидің моделі. Бұл радикалданудың үш өлшемді моделі, адамдарды радикалды топтарға бірігуге дәйекті түрде жетелейтін үш құрамдас бөлікті қарастырады: 1) қажеттіліктер (needs) – жеке қажеттіліктер/мотивациялар; 2) идеологиялар (narratives) – идеологиялық нарративтер, жек тұлғаның мәдени қалыптасу тұрғысынан; 3) әлеуметтік желі (network) – жеке тұлғаның әлеуметтік желісі; [3,23-бет].

И.Ш. Борчашвилидің пікірі бойынша «адамдарды террористік немесе экстремистік топтар өз қатарларына күшпен немесе ерікті түрде, келісім бойынша, ақысыз немесе материалдық сыйақымен ынталандыру арқылы тартады. Қатарларына тарту (вербовка) кандидаттарды іздеуден басталып, кейін террористік немесе экстремистік әрекеттерді ұйымдастыру мақсатында оларға кез келген жолмен (сендіру, бопсалау, уәде беру арқылы) психологиялық әсер етуден басталады және келісім жасасумен аяқталады. Кандидатты (болашақ ағым құрбаны) топтарына тарту (вербовка) процесі физикалық немесе психикалық қысым көрсету (манупуляция) түріне байланысты бір немесе бірнеше қылмыстарды жасауға ынталандыру, сондай-ақ террористік және экстремистік қылмыстарға қатыстыруға бағытталған әрекеттерді қамтиды. Жұмыс шарттары жазбаша түрде де, (келісім түрінде), ауызша да көрсетілуі мүмкін».

Біз психотерапиялық манипуляцияларды заңсыз қолдануға байланысты интеллектуалды алаяқтық туралы айтып отырмыз, оның құрбандары тек қана осал адамдар ғана емес, алданған немесе адасып қалған адамдар да болуы мүмкін. Экстремистік топ әр түрлі манипуляцияларды тұтастай бір уақытта немесе алма-кезек қолданылуы мүмкін. Деструктивті ұйымдардың тәжірибесінде жаңадан ұйымның қатарына қосылған «адептерді» толықтай тарту үшін оларға айрықша көңілмен назар аударып, тиісті қажеттіліктерін дер кезінде қамтамасыз етіп, жұмсақ мәміле жасалады. Ал «піскен (үйреніскен)» адептерге «жаңа деңгейге жетулерің үшін қажетті талаптар» деген сылтаумен неғұрлым қатаң талаптар қолданылады. Яғни, оларға зиян келтіретін көптеген әрекеттер (шектеулер, құқығынан айыру, өзін-өзі жазалату, ақысыз немесе аз төленетін еңбек және т.б.), шаралар қабылдайды.

Деструктивті радикалды діни топқа адам өз еркімен мүше болуы, негізінде екі тараптың өзара бірлесе әрекеттесуінің нәтижесі: яғни бірінші фактор: адептің өзіндік психологиялық тұрғыдан осалдығы, екінші фактор: вербовщиктердің адепті өз қатарларына тартуы, ұстап тұруы, өңдеу тактикаларының нәтижесі.

Екінші фактордан бастайық. ДДҰ-ға тартушылар (вербовщиктер) арнайы психологиялық, т.б. дайындықтардан өткен мамандар болғандықтан адамдарды сырттай көріп танып, баға беру қабілетіне ие, сондықтан олар қазіргі уақытта кімдерде әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан әлсіздік, тұрақсыздық немесе жағымсыз жағдайлар бар екендігіне назар аударады.

Демек, студенттер (әсіресе бірінші және соңғы) оқу жылдары), үлкен адамдар (жақында зейнетке шыққан немесе жалғыздықты ұзақ уақыт басынан кешірген), аңғал, өмірде өз орнын тауып үлгермеген, өтпелі кезеңді басынан өткізіп жатқан жасөспірімдер, басынан әртүрлі күйзеліс жағдайын өткізуші (ауру, жақындарының қайтыс болуы, ажырасу, т.б.) мигранттар, босқындар, жұмыссыз, сотталған, оның ішінде достыққа, жылы қарым-қатынасқа мұқтаж адамдар деструктивті діни ағымдардың ықпалына көптеп түсуі әбден мүмкін. Ағымдардың ықпалына түсуге ерекше осал топқа қарқынды түрде рухани ізденістегі тұлғалар, ақиқатқа немесе абсолютті ақиқатқа қол жеткізуді армандаушылар, екі жақты жауабы бар күрделі сұрақтарға жалғыз жауап іздеушілер, сонымен қатар мәселені тікелей сөзбен түсінуге қабілеті жетпейтін, көз алдына елестету арқылы ғана түсіне алатын ақыл-ой жүйесіне ие адамдар жатады. Жалпы кез келген адам әртүрлі себептермен аз уақыт болса да манипуляцияның

құрбанына айналуы ғажап емес. Сондықтан деструктивті діни ұйымдардың, жалған ақпараттың, манипулятивті әсерлердің құрбанына айналмас үшін, ДДҰ тартушылары қолданатын айла-тәсілдерін жақсы білуіміз керек. Ақпараттану – деструктивті діни ұйымның құрбаны болудан қорғайды.

Деструктивті діни ұйым құрбандарын (адепт) төрт этаптан өткізеді:

I этап: Еліктіру және дәріштеу.

- Жылы шырайлы ортада өмірдің мәні (өмір, өлім, ауру, тағдыр. т.б.) жайлы сияқты күрделі сұрақтарға қарапайым және жинақы жауап беру;
- Сөзді қазіргі кезде қоғамда өзекті (экология, жемқорлық, еркіндік, т.б.) мәселерден бастау;
- Жағымпаздану тәсілін қолдану: «сен әдемісің, сен ақылдысың, сен үлкен миссияға жетуіміз үшін бізге аса қажетсің»;

- Болашақ ұйым мүшесіне бақытқа, білімге, еркіндікке қол жеткізуді уәде ету;

II этап: Сыни пікір айту қабілетін бейтараптандыру, жеке қасиеттерін басу

- Ағым құрбанына «мен не істеп жүрмін, жағдайым не болып барады», деп бір сәт ойлануға кедергі болатын өмірлік жағдай туғызу;
- Жеке интимді өмірін азайтуды ескерту: оңаша қалуға мүлдем мүмкіндік бермеу, «тәубаға» келгендігін ғана айтуға мәжбүрлеу;
- Сөздік қорын өзгерту: болашақ адепт құлаққа жақсы естілетін тілді меңгеру керек, ғылыми немесе діни қатынастарда маңызды болып көрінетін өз орталарында ғана негізгі мағынасы түсінілетін сөздер. Бұл манипулятивті техника оның қоршаған ортамен қарым-қатынасын мүлдем үзіп, ақыл-ойын әлсіретеді (нәтиже I этапта берілген уәдеге мүлдем қарама-қайшы).

III этап: топқа мүшелігін нығайту, әлеуметтік байланыстардың үзілуін ынталандыру

- Оқуын/жұмысын тастауға ынталандыру, итермелеу;
- Шетелге шығу (білім алуды сол жақта жалғастыру, әскери қақтығыстарға қатысу);
- Отбасынан, достарынан, қоғамнан оқшаулану. Кез келген сырттан келген ақпаратты күмәнді санау. Топты сынаушылардың барлығын жағымсыз (негативті), адам дамуына қарсы, қауіпті тұлға ретінде таныстырылады. Бұндай адамдар мүлдем кездеспеуге шақырады, оларға жала жауып, сотқа беруге үгіттейді. Кейде топ мүшесінің бұрынғы өмірінде немесе қазір басына келген қиыншылықтарға отбасын кінәлайды.
- Қоғамды тек қана жойылуға алып баратын орын ретінде, медицинаны пайдасыз етіп, әртүрлі басқа діндерді қараңғы күштерге бағынышты болу деп түсіндіреді. Тек қана ұстаз немесе шейх басқарған топ қана бақытқа алып жолға бастайды деп түсіндіреді.
- Нәтижеде топ мүшелері өздерің миссияларына жетуге деген сенімділік пайда болады. Оларға қоғамда қалыптасқан әдеттері, белгілі бір көздеген мүдделері болғаны үшін қарсылық білдіреді, сендерге сенбейді сендердің соңдарыңнан қалмайды дейді. Міне бұл сендердің ақиқат жолында екендеріңнің басты дәлелі. Көптеген пайғамбарларда да осылай болған жоқ па? Міне бұл өте қу айла. Топтағылардың көбісі сырттан қаншалықты қарсылық көрген сайын топпен қоян-қолтық араласа бастайды.

IV этап: қоғамға қайта оралуы мүмкін емес жағдайға түсіру

- Белгілі табыс көзінің болмауы (немесе ұйымның қаржысына тәуелділік), әлеуметтік қолдау сияқты айтарлықтай кәсіби тәжірибе адептің қоғамға қайта бейімделуін қиындатады.
- Ұйымдар жұмыс орындарын жиі ауыстыруына байланысты адептер қоғаммен қатынас құруға мүмкіндігі болмайды. Сол себепті адептердің қоғамға қайта бейімделуі қиынға соғады.
- Ескі достарының қалмауы;
- Отбасылық байланыстар үзілген немесе шиеленісіп жанжалға ұласқан;

- Ұйым мүшесіне ғана некелесуге рұқсат, яғни ұйымнан шығуы қиын болуы үшін, яғни ұйымдағы әйеліне қарайлап қалуы үшін;
- Қорқыныш: қатаң тәртіп, сыртқы әлемнен қорқыту;
- Ұйымның қатарында, ағыммен жүзіп кете беру ең оңайы;
- Әр этапта бақыт, еркіндік, жеке байлық немесе білім уәде етіледі, егер топ мүшесі әрі қарай төзуге келіссе одан да көп қайғы-қасіретке төзуден бас тартпайды. Адепт ұйымнан бас тартуға әр ниеттенген кезде өз-өзін мақсатыма жетуге соншалықты аз қалғанда шегінуге болмайды деп әрі қарай ұйымның қатарында болуға даяр болады.

Аталған 4 этап (еліктіру және дәріптеу; сыни пікір айту қабілетін бейтараптандыру, жеке қасиеттерін басу; топқа мүшелігін нығайту, әлеуметтік байланыстардың үзілуін ынталандыру; қоғамға қайта оралуы мүмкін емес жағдайға түсіру) адамдарды қоғамға оралып, қалыпты өмірге бейімделе алмайтындай етіп топқа байлауға, мүлдем ақыл-ойы жарымжан адамға айналдыруға бағытталады. Сонда ғана адептер ұйым жетекшісіне (шейх) толықтай бағынып, қауіпті фанаттарға айналады жат діни ұйымның адамдарға әсерін симптомдарын, топтың екершелігін, адепт жайлы мүмкіндігінше толық ақпаратты қортындылай келе анықтауға болады.

Жоғарыда аталған теориялық мәселелерге тәжірибеден нақты дәйек келтіре кетейін. Бір топ ресейлік сарапшылардың «елуіншілер» деструктивті діни ағымының құрбанына айналған отбасылардың балаларына жүргізген зерттеуі нәтижесінде төмендегідей қортындыға барған: «30 діни ағым құрбаны балалары зерттелген. Олар қатарлас балалардан физикалық және психикалық даму тұрғысынан қалыс қалып қойған. Оларда эмоционалды тұрақсыздық (тұйықтық, көңіл босағыштық, жасқаншақтық) ой өрістің тарлығы, жұпынылық белгілер байқалған. Мәдени, ойын-сауық орындарына барудан, спорттық шараларға қатысудан бас тарту. Балалардың ата-анасының діни жоралғыларды орындау сәтіндегі айғайлау, жылау, трансқа ену әрекеттері балалардың санасына соққы болып тиген. Осыған ұқсас практика «Жусан операциясы» бойынша Сириядан елге оралған балаларды қоғамға бейімдеу, оңалту жұмыстарымен айналысқан теолог, психолог мамандар тарапынан да байқалған. Жұмыс барысында мамандар Сириядан оралған отбасылардың балаларының қуыршақ ойыншықтарды бауыздап, басын кесіп ойнап жатқандарын байқаған. Яғни деструктивті діни ағым өкілдерінің әрекеті ел болашағы балаларға орасан зиянын тигізетіндігінің дәлелі. Жоғарыда сипатталған механизм мен психологиялық күйзелістен кейінгі жарақат синдромы түріндегі психологиялық жарақатқа сипаттама берілетін. Сондай-ақ деструктивті ұйымдардың ықпалына түскен адептер көп жыл түрмеде отырған немесе соғыс жағдайында болып келгендей байқалады. Ағымдардың ықпалына түсуге ерекше осал топқа қарқынды түрде рухани ізденістегі тұлғалар, ақиқатқа немесе абсолютті ақиқатқа қол жеткізуді армандаушылар, екі жақты жауабы бар күрделі сұрақтарға жалғыз жауап іздеушілер, сонымен мәселені тікелей сөзбен түсінуге қабілеті жетпейтін, көз алдына елестету арқылы ғана түсіне алатын ақыл-ой жүйесіне ие адамдар жатады. Жалпы кез келген адам әртүрлі себептермен аз уақыт болса да манипуляцияның құрбанына айналуы ғажап емес. Сондықтан жат діни ұйымдардың, жалған ақпараттың, манипулятивті әсерлердің құрбанына айналмас үшін, ДДҰ тартушылары қолданатын айла тәсілдерін жақсы білуіміз керек. Десек те оптимистік ескерту бар: Жоғары аталған күрделі зорлық-зомбылықтардан кейін де тұлға егер бастапқыда қалыпты әлеуметтік жағдай орнатып, шынайы болса қоғамға қайтадан бейімделіп, қалыпты өмірге орала алады. Сондай-ақ қазіргі кезде деструктивті діни ұйым құрбандарына көмек көрсетуге барлық жағдайлар жасалған. Сондықтан отбасындағы әлеуметтік қатынастардың берік болуы өте маңызды [4].

Діни экстремизм мен радикализмге итермелейтін себептерді анықтау арқылы мәселенің түпкі сырын білуге болады. Ол үшін алдымен діни экстремизм және радикализмнің шығу тегі мен оған итермелейтін факторларды анықтау қажет-тін. Жалпы, діни экстремизм мен радикализмге итермелейтін көптеген факторлар бар. Сарапшы мамандар олардың бірсыпырасын төмендегіше тізбелеген:

Бірінші, психологиялық факторлар. Оған мынадай жайттарды жатқызуға болады:

- ой-өрістің дұрыс жетілмеуі;
- психикалық ауытқушылыққа ұрыну;
- отбасы бақытын сезіне алмаушылық;
- қылмыс жасап, одан арылу үшін діннен жұбаныш іздеймін деп діни радикализмге ұрыну;

- индивидтің қоғамда өз орнын таппауы;
- тағдыр тауқыметін тартып, психологиялық күйзеліске түсу;
- өштескен адамдарынан радикалды болу арқылы кек алам деп ойлау; дінге бет бұрамын деп рационалистік пайымнан айырылып қалу. Шынында да, аталған психологиялық жайттарды діни экстремизмге ұрындыратын факторлар есебіне жатқызуға болады. Себебі, қазақстандық зерттеуші, психолог Л.Шакимова еліміздегі лаңкестік әрекетке немесе оны ұйымдастыруға қатысқан тұлғалардың өмірлерін зерттей отырып, радикалды идеологияны ұстанушылар ішінде толық емес отбасынан шыққандар – 18%; психологиялық соққы алғандар – 39%; бас-сүйек жарақатын алғандар – 36%; түзету мекемелерінде болғандар – 32%; маскүнемдікке салынғандар – 61%; есірткіге тәуелділер – 27%; құмар ойынына салынғандар 43%-ды құрайтындығын анықтаған. Олардың ішінде осы аталған қиындықтардың бірнешеуін қатар басынан өткерген немесе ішімдік, есірткі және құмар ойындарына бірдей тәуелділікке түскен тұлғалар да кездеседі. Екінші, әлеуметтік-экономикалық факторлар. Оның ең маңыздыларын тізіп көрсететін болсақ:

- индивидтің өмірден әділетсіздік көруі;
- қиын әлеуметтік ахуалдың (кедейшілдік) ауыртпалығын көтере алмау;
- дін ұстануды әлеуметтік-экономикалық мүддеге айналдыру;
- діни адам болып көріну арқылы өз конъюнктурасын күшейту.

Аталған әлеуметтік-экономикалық факторлардың нақты өмірлік тәжірибеден алыс емес екені белгілі. Себебі, Қазақстан қоғамындағы діни ахуалды зерттеушілердің алға тартқан деректерінше лаңкестік идеологияға бой ұрғандардың 52%-ының тұрақты жұмыс орны жоқ, 38%-ының тұрмыс деңгейі төмен, 52%-ын баспанасыздар құрайды. Сондай-ақ радикалды идеологияны ұстанушылардың 48%-ы 26 мен 35 жас аралығындағылар болса, 19%-ы 25 жасқа толмаған азаматтар болып табылады. Расында да, діни радикализмге ұрытуда белгілі бір деңгейде діни факторлардың әсер ететінін жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, ДАИШ террористік ұйымына қосылған діни радикалдардың басым көпшілігі діни мәліметтерді дұрыс қайнар-көздерден алмағандықтан, сондай-ақ, тағут, күпірлік, бидғат, илхад, хижра, жихад, ғанимат, көп әйел алушылық және т.б. діни ұғымдарды бұрмалап, өз мақсаттарына сай қолдануы еді. Діни ұғымдарды ислам ақиқатына сай түсінбеушілік, кез-келген адамды қателікке ұрындырады. Оның соңы діни экстремизмге әкеліп соғатыны белгілі. Сол себепті, жоғарыда аталған діни факторлар қоғамдық тәжірибедегі радикализм көрінісімен толықтай сәйкеседі. Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтары өз міндеттемелері бойынша мынадай төрт бағыт бойынша жұмыс жасайды:

1. Профилактика (алдын алу);
2. Реабилитация (оңалту);
3. Дерадикализация (радикалсыздандыру);
4. Пробация (қоғамға қайта бейімдеу).

Әлемдік тәжірибеге назар салсақ, қоғамда туындаған кез-келген діни мәселе дер кезінде шешімін таппаса, мемлекет шаңырағының шайқалуына әкеліп соғады. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан дін мәселелерін реттеуде үлкен тәжірибе жинады. Бұл жолда қиын өткелдерден өтті. Алғашқыда, дін еркіндігін демократия және азаматтық қоғам қалыптастырудың алғышарттарының бірі ретінде қарастырып, соның әсерінен бірқатар қиындықтарға тап болса да, соңыра әлемдік тәжірибеге сүйеніп һәм Қазақстан халқының тарихи діни таңдауын ескере келіп, мемлекет пен дін қатынасын реттеудің отандық үлгісінің негізін қалады деуге негіз бар [5].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Центральная Азия и противодействие экстремизму. Взгляд со стороны Китая - Central Asia Analytical Network (caa-network.org)
2. https://www.inform.kz/kz/ukk-kazakstanda-destruktivti-agymdy-ustanatyndardyn-sany-20-mynnan-asady_a3582690
3. Сборник материалов международной конференции «Дерадикализация исламистов: теория и практики (международный и российский опыт)» 26 октября 2022 года, г. Москва
4. [Деструктивті діни ұйымның жеке тұлғаға психологиялық ықпал ету әдістері \(azan.kz\)](https://www.azan.kz)
5. ҚР діни оңалту жұмысына жауапты мекемелердің құрылуы және олардың функционалдық міндеттемелері. М. Исахан , Н. Арыстанбекұлы , А. Сатыбалдиева Хабаршы. Дінтану сериясы. №4 (36) 202

УДК 21.15.47

ИСЛАМ БАҒЫТЫНДАҒЫ РАДИКАЛДЫ ТОПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ

Қамар Жанерке Талғатқызы

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс магистранты
Қазақстан, Астана*

Аннотация:

Терроризмге қарсы дискурста «радикалдану» термині кеңінен қолданылады, бірақ әлі анық емес. Бұл жұмыста біз тұтастай «діни радикалдану» үдерісіне лайықты анықтама мен сипаттама беруге тырысамыз. Діни терроризм феномен ретінде жаңа құбылыс емес, оның шығу тегі көне дәуірге жатады, осыған ұқсас көріністер әртүрлі ежелгі ұлттардың культтерінде де тіркелген. Бірақ қазіргі уақытта бүкіл әлемде діни терроризм немесе экстремизм терминдерін ислам әлеміне тиесілі етіп көрсетіліп отыр. Осы мақалада ислам бағытындағы радикалды топтардың шығу себептері мен салдарын ашып көрсетуге тырысамыз.

Кіріспе:

Құран Кәрім – Исламның негізгі қайнар көзі және мұсылман өмірінің барлық саласында басшылыққа алынатын заңдар мен үкімдер жинағы іспетті. Ол Мұхаммед пайғамбарға VII-ғасырда араб тілінде түскен. Егер адам араб тілін білмесе, оның мазмұнын түсініп, нұсқауларын пайдалану үшін Құран аудармаларына сүйенеді. Дегенмен, осы тұста қасиетті Құран аудармаларынан құқықтық ережелер мен діни нұсқауларды алу мүмкіндігі туралы маңызды сұрақ туындайды: «Аудармалар ондағы деректер мен мағыналарды, құқықтық мәселелерді толық түсіну үшін жеткілікті бола алады ма?» Бұл сұраққа жауап берместен бұрын біз алдымен «аударма» деген ұғымның қысқаша анықтамасына тоқталсақ;

Негізгі бөлім: Ислам бағытындағы радикалды топтар және олардың пайда болу тарихы

Дін - әрбір ұлттың, халықтың, жекелеген адамның ішкі рухани сұранысына жауап беретін рухани құндылық. Ол адамның әлемге деген көзқарасына, өмір сүру ерекшелігіне, белгілі бір халықтың салт-дәстүрлерінің қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, дін жекелеген адам мен қоғам арасындағы байланыста үлкен рөлге ие. Қаншама ғасырлық адамзат тарихында ешбір қоғам дінсіз, сенімсіз өмір сүрген емес. Өмірдің бастамасы деп бір тайпалар күнге, енді бірі отқа, тағы біреулері табиғатқа табынған.

Ал қазір, ХХІ ғасырда экономика мен технология қарыштап дамыған заманда, адамдардың бөгде түсініктерді, сенімдер мен құндылықтарды қабылдамаудың орнына, белгілі бір бөгде сенімдер мен шектен тыс радикалды көзқарастарды ұстануда. Осыған сәйкес, қазіргі кезде бүкіл әлемді алаңдаттырып отырған, кез келген орта мен қоғамға қауіп төндіретін, экстремистік идеологиялардың таралуы мен террористік ұйымдардың құрылуы.